ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

«Қобда аудандық кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша

Қобда ауылы «22» шілде 2026 жыл

КІРІСПЕ БӨЛІМ:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау обьектісі болып «Қобда аудандық кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметі болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 12 және 2016 жылғы 19 қазандағы «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» №21 бұйрықтарына сәйкес жүргізілді.

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығы бұйрығы сәйкес жүргізілді.

3. «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізетін жұмыс тобын құру туралы» бөлім басшысының 2025 жылғы 24 сәуірдің №21 бұйрығымен құрылған келесі құрамдағы жұмыс тобы жүргізді:

Тулешева Кунзия Кайырзамановна	Қобда аудандық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы
Тлеумағанбетова Інжу Оразалақызы	Қобда аудандық кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы
Муринова Акжибек Макаримовна	Қобда аудандық кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы
Тұяқ Аружан Ақсұлтанқызы	Қобда аудандық кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 22.06-22.07.2026 жыл аралығында жүргізілді.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен 2025-22.07.2026-жыл аралығындағы кезең қамтылды.

6. Қобда аудандық кәсіпкерлік бөлімі басшысына топ жетекшісі ретінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық, үйлестіру және жауапкершілік жүктелді.

СИПАТТАМА БӨЛІМ:

I. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) «Қобда аудандық кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесінің *(бұдан әрі - бөлім)* қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Бөлімнің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

II. Талданатын объект туралы мәліметтер:

«Қобда аудандық кәсіпкерлік бөлімі» Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік мекеме болып табылады.

Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ, мекеменің Ережесіне сәйкес іске асырады.

Мекен-жайы: Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Қобда ауылы, Астана көшесі №48 ғимарат.

III. Мекеменің қызметіне, оны ұйымдастыру-басқару қызметін реттейтін НҚА мен ішкі құжаттарға сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыс тобы кодекстерді, заңдарды, нормативтік құқықтық актілерді, бөлім мен орталыққа қатысты өз қызметінде басшылыққа алатын құқықтық актілерді зерделеді.

Бөлім мен орталықтың қызметінде келесідей НҚА пайдаланылады:

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі;
- Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңы;

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;

- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі;
- Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы кодексі;

- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

IV. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.

Қобда аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің құрылымын, штат санын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аудан әкімдігі бекітеді.

Бөлімнің штаттық құрылымы:

Аудан әкімімен лауазымға тағайындалатын, лауазымнан босатылатын
1 бөлім басшысы.

Бөлім басшысымен қызметке қабылданатын, қызметтен босатылатын
2 бас маман

Бөлім қызметкерлері бөлім басшысына, аудан әкіміне және оның орынбасарларына бағынады.

Бөлімде ішкі талдау жүргізу кезеңінде 26.05.2025 жылы бөлімнің бас маманы басшысының №181 бұйрығымен жұмысқа қабылданды.

Бөлімде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдар жоқ.

Конкурстық іріктеуді ресми түрде өткізу, біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдау.

Бөлімнің конкурсы бойынша аудан әкімі аппаратының бірыңғай конкурс отырысы арқылы өткізіліп келеді.

Конкурс Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметке тең қол жеткізу конституциялық құқығын қамтамасыз етеді. Конкурстық іріктеуді ресми түрде өткізу, біліктілік талаптарына сәйкес конкурстық процедуралар өткізілді.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің Қазақстан Республикасының Конститутциясында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы» Заңында және озге де заңнамасында белгіленгендерден туындайтын лауазымдық өкілеттіктерді және жауаптылығы біліктілік талаптары негізінде айқындалады және лауазымдық нұсқаулықтарда көрсетіледі.

Сонымен қатар, мемлекеттік лауазымдарға тиісті біліктілік талаптарына сай келетін, озінің жеке және кәсіби қасиеттері, денсаулық жағдайы, білім деңгейі бойынша өзіне жүктелген лауазымдық міндеттерді атқаруға қабілетті және Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады.

Бөлімде біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдау фактілері орын алған жоқ.

Бос орынның болуы, біліктілік талаптары, қажетті құжаттар тізбесі, іріктеудің әртүрлі кезеңдеріне жіберілген тұлғалар туралы ақпаратты орналастырмау, уақытылы және/немесе толық орналастырмау.

Бос орынның болуы, біліктілік талаптары, қажетті құжаттар тізбесі, іріктеудің әртүрлі кезеңдеріне жіберілген тұлғалар туралы ақпаратты

орналастырмау, уақытылы және/немесе толық орналастырмау фактілері болған жоқ.

Іріктеу кезеңдерін өткізу кезеңдерінің болмауы (бос орын туралы хабарландыруды орналастыру, құжаттарды қабылдау, әңгімелесу, тестілеу және т.б).

Бөлімнің конкурсы аудан әкімі аппаратының бірыңғай конкурс отырысы арқылы өткізіліп келеді. Бірыңғай конкурс отырысы кезеңінде бөлім тарапынан жарияланған конкурстарда тиісті құжаттарды рәсімдеу аудан әкімі аппаратының персоналды басқару қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Әңгімелесу және тестілеу өткізу үшін сұрақтарды қалыптастыру және қорғау тетігінің болмауы.

Бос орынға орналасуға арналған конкурс бойынша әңгімелесу мен тестілеу өткізу үшін сұрақтарды қалыптастыру бірыңғай конкурс өткізу бойынша аудан әкімі аппаратының персоналды басқару қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Кондидаттар үшін әркелкі жағдай жасау.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді, мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға үміткер кондидаттар үшін «Қазақстан Республикасының қызметі туралы» Заңының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Үміткерлерді жұмысқа қабылдау туралы шешім қабылдайтын тұлғалардың мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі шараларды қамтамасыз етпеу.

«Қазақстан Республикасының қызметі туралы» Заңына сәйкес, мемлекеттік қызметшілер мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды қабылдауға тиіс. Бөлім тарапынан мүдделер қақтығысы орын алған жағдайда мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында тиісті шаралар қабылданады.

Тікелей басшы немесе мемлекеттік органның басшылығы мемлекеттік қызметшінің өтініші бойынша немесе басқа көздерден ақпарат алған кезде мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды уақытылы қабылдауға, оның ішінде:

1. Мүдделер қақтығысы соған байланысты туындаған немесе туындауы мүмкін мәселе бойынша мемлекеттік қызметшінің лауазымдық өкілеттіктерін атқаруды басқа мемлекеттік қызметшіге тапсыруға;

2. Мемлекеттік қызметшінің лауазымдық міндеттерін өзгертуге;

3. Мүдделер қақтығысын жою жөніндегі өзге де шараларды қабылдауға тиіс. Мемлекеттік қызметші, оның тікелей басшысы және мемлекеттік органның басшылығы өздеріне белгілі болған мүдделер қақтығысы жағдайларын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды қабылдамағаны үшін тәртіптік жауаптылықта болады.

Жұмыскерлерді конкурстық іріктеу жүргізбей лауазымға жоғарлату, өзге лауазымдарға ауыстыру,

Бөлім бойынша жұмыскерлерді конкурстық іріктеу жүргізбей, лауазымға жоғарлату, өзге лауазымдарға ауыстыру фактілері орын алған жоқ.

Талдау обьектісі қызметкерлерінің жалақысы, көтермелеулері туралы ақпараттың жабықтығы.

Мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен Еңбекақы төлеудің біріңғай жүйесі негізінде жүзеге асырылады.

Тәртіптік жазалар алынбаған жағдайда, жұмыскерлерді көтермелеу.

Мемлекеттік қызметшілерді көтермелеу лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, мінсіз мемлекеттік қызметі, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны және жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін, сондай-ақ олардың жұмысын бағалаудың нәтижелері бойынша қолданылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 тамыздағы №1127 қаулысы негізінде, тәртіптік жазалары бар қызметкерлерге бөлім тарапынан сыйақы берілмейді.

Мерзімінен бұрын алынған жаза.

Тәртіптік жаза қабылданған қызметкерлер жоқ.

Жұмыс нәтижелеріне қарамастан, талдау обьектісінің лауазымды адамдарының қалауы бойынша қызметкерлерді көтермелеу.

Бөлім қызметінің алға басуына өз үлесін қосып отырған бөлім қызметкерлеріне сыйақы беру үшін бөлімнің сектор меңгерушісі және бас мамандарының ұсынысы негізінде заңға сәйкес қабылданып келеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127 қаулысына сәйкес бөлімнің үнемделген қаржы есебінен 2024-01.06.2025 жыл аралығында бөлім қызметкерлеріне сыйақы берілді.

Заңнаманың бұзылуын, жеке немесе заңды тұлғалардың құқықтарын бұзуды немесе шектеуді жасаған немесе жол берген тұлғаларға тәртіптік сипаттағы шараларды қолданбау және т.б.

Бөлімде заңнаманың бұзылуын, жеке немесе заңды тұлғалардың құқықтарын бұзуды немесе шектеуді жасаған немесе жол берген тұлғалар болған жоқ.

2026 жылдың қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр, маусым айларында жүргізілген ішкі талдау нәтижесімен:

Теріс себептермен жұмыстан шығарылған қызметкерлер жоқ.

Мекемеде кәсіби біліктілігін көтеру бойынша қайта даярлау курстарына жіберу және санаттарын көтерудің кестесі мен уақыты сақталған.

Еңбек тәртібін бұзушылық фактілері жоқ.

Талдау жүргізілу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң бұзғандығы үшін сотталған немесе қылмыстық іс жасағандарды жұмысқа қабылдау фактілері анықталмады.

V. Мүдделер қақтығысын реттеу.

2025 жыл мен 2026 жылдың маусым аралығында бөлімде мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

VI. Мемлекеттік қызметтер көрсету. Бөлім арқылы 1 мемлекеттік қызмет көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет otbasybank.kz жылжымайтын мүлік порталында электронды түрде көрсеіледі.

2024 жылдың қорытындысымен бөлім арқылы 32 маманға көтерме жәрақы төленді, 7 маманға тұрғын сатып алуға бюджеттік кредит берілді.

2025 жылдың 5 айында 23 маманға көтерме жәрдемақы төленді.

Ақпараттық стенд жасақталған, уақытылы өзгерістермен жаңартылып отырылады. Мемлекеттік қызметтер туралы ақпараты ресми интернет-ресурстарында орналастырылған.

Қызмет көрсету мерзімі бұзылған, мемлекеттік қызмет көрсетілуіне арызданушылар жоқ.

Мемлекеттік қызмет көрсетілуіне наразылық білдіріп, шағымданушылар болған жоқ.

VII. Рұқсат беру функцияларын іске асыру. Бөлімде рұқсат беру функциялары жоқ.

VIII. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру. Бөлімде бақылау-тексеру функциялары жоқ.

IX. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Қобда аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөліміне, 2024 жылға жалпы 101 603,3 *(РБ – 47 507 мың тг, ЖБ- 54 096,3 мың тг)* мың теңге қаржы бөлінді. Жыл аягында қаржы толығымен игерілді. 2025 жылдың 5 айында 24 214,7 мың теңге қаржы қаралып, толығымен игерілді.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес 2024 жылы бөліммен тауар, жұмыс және көрсетілетін қызметтер үшін барлығы 2343,5 мың теңгеге 14 сатып алу жұмыстары жүргізіліп, келісім шарт бойынша аталған жұмыстар өз мәнінде жүргізілді. 2024 жылы келісім шарт талаптарын орындамау фактілері тіркелген жоқ.

2025 жылдың 5 айында тауар, жұмыс және көрсетілетін қызметтер үшін барлығы 1459 мың теңгеге 12 сатып алу жұмыстары жүргізіліп, келісім шартқа сәйкес тиісті жұмыстар жүргізілуде.

X. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану. Бөлімде «Е-Өтініш», «E-kyzmet», «Ашық бюджет», «Бұлтты құжатайналымы», «Қазынашылық клиент» автоматтандырылған ақпараттық жүйелері пайдаланылады.

XI. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіпен тұлғалардың өтініштерін қарау:

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау:

Қобда аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөліміне 2025 жылы барлығы – 8 өтініш түсті, 2026 жылдың 5 айында 5 өтініш түсті. Мерзімі өткен, тіркелмеген өтініштер болған жоқ. Шағымданушылар болған жоқ.

XII. Қобда аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің құжат айналымы:

2025 жылы жалпы құжат саны - 514 (кіріс 293, шығыс 221)

2026 жылдың 5 айында жалпы құжат саны 290 (кіріс 128, шығыс 162)

XIII. Сыбайлас жемқорлыққа мәдениет қалыптастыру бойынша.

Сыбайлас жемқорлық ел экономикасының көтерілуіне үлкен кедергі келтіріп отырған қоғамымыздың ең басты қауып-қатерлерінің бірі болып табылады. Бөлім қызметкерлері өз антына адал, жұмыс барысында мемлекеттік қызметкерге тиісті заңдылықтарды басшылыққа алып жұмыс жасайды. Басшылық тарапынан жемқорлыққа тосқауыл қоюға, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде түсінік жұмыстары жүргізіліп отырылады.

Аудан әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілі және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істер агенттігі Ақтөбе облысы бойынша департаменті жыл сайын мемлекеттік қызметшілерге анонимді түрдегі сауалнамаларды тұрақты түрде жүргізіп келеді.

ҰҚА талдау жүргізу нәтижесінде мынадай қызметтердің процестерін реттеу бойынша құқықтық олқылықтарды анықтады:

№1 тәуекел:

Кәсіпкерлік субъектілерінің өтініштерін қарау, келісу және шешім қабылдау рәсімдері ішкі актілерде толық регламенттелмеген.Лауазымды тұлғалардың әртүрлі құқық қолдану тәжірибесінің қалыптасуы, негізсіз бас тарту және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауы мүмкін.

Ұсынылс:

Қызмет көрсету рәсімдерін ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңының және «Құқықтық актілер туралы» Заңының талаптарына сәйкес нақты регламенттеу.

«Келісілді»

Бөлім басшысы **К.Тулешева**

Бас маман **А.Тұяқ**

Бас маман **А.Муринова**